«8D02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Мошқал Мәдина Асқарбекқызының
«Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспарының мысалында» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда Жапонияның тұрақты даму тұжырымдамасын жүзеге асыру тәжірибесі, оның ішінде қалдықтарды басқаруға негізделген «Junkangata Shyakai» («Қайта өңдеу қоғамы») іргелі жоспары жан-жақты зерттеледі. Жапонияның кешенді саясатының негізгі бағыттары, заңнамалық реттеу және қолдау механизмдері талданады. Ұлттық үкімет, жергілікті мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) мен коммерциялық емес ұйымдар (КЕҰ), ғылыми-зерттеу институттары және жергілікті азаматтардың аталған стратегияға қатысу ерекшеліктері зерделенеді. Сондай-ақ, бұл зерттеуде Жапонияның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларды өзара интеграциялау арқылы қол жеткізген жетістіктері талданып, тиімді тәжірибелерді Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкіндіктері бағаланады және тұрақты даму траекториясын жетілдіруге арналған ұсыныстар қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі уақытта әлеуметтік, экономикалық және экологиялық дағдарыстардың шиеленісуі тұрақты дамуды жаһандық деңгейдегі басым бағытқа айналдырды. Әлеуметтік теңсіздіктің артуы, экономикалық тұрақсыздық, қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы мен климаттың өзгеруі әлем елдері үшін ортақ сын-қатерлерге айналды. Осы орайда, 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Тұрақты даму мақсаттары – бұл аталған мәселелерді кешенді түрде шешуге бағытталған маңызды бастама.

Тұрақты дамудың негізгі құрамдас бөлігі – қалдықтарды тиімді басқару. Ол қоршаған ортаның жағдайын жақсартып, табиғи ресурстарды сақтауға және қоғам денсаулығын қорғауға тікелей әсер етеді. Қалдықтарды басқару бойынша халықаралық келісімдер мен стандарттар – Стокгольм декларациясы (1972 ж.), Базель конвенциясы (1989 ж.), сондай-ақ БҰҰ бағдарламалары – Жапония сияқты әлем елдерінің ұлттық реттеу жүйелеріне негіз болып, қалдықтарды басқарудың жаһандық әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық құрылымын қалыптастырады.

Жапонияда тұрақты даму мен қалдықтарды тиімді басқару ұлттық деңгейде стратегиялық маңызға ие. Елдің территориялық шектеулілігі, халық тығыздығының жоғары болуы және ресурстардың тапшылығы қалдықтарды тиімді басқаруды мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналдырды. Сонымен қатар, табиғатты құрметтеу, экологиялық жауапкершілік пен үнемді тұтыну сияқты тарихи-мәдени қағидалар ресурстарды тиімді пайдаланудың әлеуметтік негізін құрайды. Осы тұрғыда Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының (2003-2024 жж. аралығында 5 іргелі жоспар) тәжірибесі

ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл жоспар ресурстарды тиімді пайдалануды ынталандыруды, қалдықтарды қайта өңдеудің тиімді тәсілдерін қалыптастыруды және экологиялық жауапкершілікті іске асыруды көздейді. Жапонияның тұрақты даму саясаты үкіметтің кешенді іс-шаралары мен заңнамалық реттеулерінен бөлек, кәсіпорындар, ҮЕҰ, КЕҰ және азаматтардың белсенді қатысуымен ерекшеленеді.

Жапония үкіметі қалдықтарды басқаруды елдің тұрақты даму стратегиясындағы басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Мәселен, премьер-министр Фумио Кисида (2021-2024 жж.) Жапония парламентінің 213-сессиясында ресурстарды қайта өңдеу мен жергілікті деңгейдегі ресурс айналымын күшейтудің маңыздылығын атап көрсетті. Сонымен қатар, 2021 жылғы БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясында (COP26) Фумио Кисида 2030 жылға дейінгі кезеңді климаттың өзгеруіне қарсы күрестегі «шешуші онжылдық» («critical decade») ретінде белгілеп, кешенді шараларды қабылдау қажеттігін мәлімдеді.

Қазақстан да қарқынды индустриялық даму мен урбанизацияның әсерінен әлеуметтік, экономикалық және экологиялық қиындықтарға тап болуда. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тұрақты дамуды ұлттық басымдық ретінде атап, экологиялық реформалар мен қалдықтарды басқару тәжірибесін жетілдіру қажеттігіне назар аударды. Бұл бағытта Қазақстан экономикалық жоспарлауға тұрақты даму қағидаттарын енгізуді, инфрақұрылымды жақсартуды, халықаралық стандарттарды қабылдауды және қоғамдық қатысуды арттыруды көздейді.

Осылайша, Жапонияның тұрақты даму саласындағы ерекшеліктерін терең әрі кешенді зерттеу әлемдік ғылыми қауымдастық үшін маңызды тәжірибелік мәнге ие.

Зерттеудің мақсаты – Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарына негізделген тұрақты даму моделінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық тетіктерін зерделеу арқылы оның тәжірибелік маңызын айқындау. Аталған мақсатқа жету үшін, келесі **міндеттер** қойылды:

- тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқарудың теориялық негіздерін талдау;
- Жапонияның тұрақты даму саясаты мен қалдықтарды басқару жүйесінің қалыптасу кезеңдерін айқындау;
- «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының құрылу алғышарттарын және институционалдық құрылымдарын анықтау;
- іргелі жоспардың тиімділігін бағалап, оның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әсерлерін сараптау;
- Жапония мен Қазақстанның қалдықтарды басқару тәжірибесін салыстырмалы зерттеу;
- Қазақстанның тұрақты даму күн тәртібіне Жапония моделінің жекелеген элементтерін бейімдеуге арналған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – Жапонияның тұрақты даму саясаты және қалдықтарды басқару жүйесі.

Зерттеу пәні – «Junkangata Shyakai» іргелі жоспары негізіндегі ресурстарды тиімді пайдалану, қалдықтарды басқару және айналмалы экономика қағидаттарын іске асыруға бағытталған әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық тетіктер.

Зерттеудің теориялық негізі «тұрақтылық», «даму» және осы екі ұғымды біріктіретін «тұрақты даму» тұжырымдамасына сүйенеді.

«Тұрақтылық» тұжырымдамасы аясында ресурстардың шектеулілігін негіздейтін «Өсудің шектеулері» (Limits to Growth), экономика мен табиғи ортаның байланысын сипаттайтын экологиялық экономика (Ecological Economics) және экожүйелердің шекті жүктемесін анықтайтын «планетарлық шектер» (Planetary Boundaries) теориялары қарастырылды.

«Даму» тұжырымдамасы шеңберінде классикалық экономикалық теориялар, модернизация, тәуелділік, жаңа институционалдық экономика және постдаму теориялары қолданылып, дамудың бірізділігі, жаһандық теңсіздік, институционалдық факторлардың рөлі және балама даму модельдері зерделенді.

«Тұрақты даму» тұжырымдамасы үш негізгі теориялық бағыт арқылы ашылды: әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тепе-теңдікке негізделген тұрақты дамудың «үш өлшемді моделі» (Three Pillars Model), қазіргі және болашақ ұрпақ мүдделерінің үйлесімділігін қарастыратын ұрпақаралық әділеттілік теориясы (Intergenerational Justice) және қоғамдағы сенім мен ынтымақтастықтың рөлін айқындайтын әлеуметтік капитал теориясы (Social Capital Theory).

Зерттеуде айналмалы экономика тұжырымдамасы маңызды орын алады. Ол тұйық циклді жүйелер теориясы (Closed-loop systems theory), «бесіктен бесікке дейін» (Cradle to Cradle) және өнімділік экономикасы (Performance Economy) теорияларына сүйенеді. Олар ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтардың алдын алуға және экологиялық жүктемені азайтуға бағытталған.

Сондай-ақ, қалдықтарды басқару саласында өндірушінің кеңейтілген жауапкершілігі (Extended Producer Responsibility) мен өмірлік циклді бағалау теориясы (Life Cycle Assessment Theory) қолданылды. Бұл тәсілдер қалдықтардың пайда болу көздерін бақылауға, өндіріс пен тұтыну кезеңдеріндегі экологиялық әсерлерді азайтуға негізделген.

Осы теориялық негіздер Жапония тәжірибесін талдап, оның құрылымдық ерекшеліктерін зерделеуге және Қазақстанда бейімдеудің тұжырымдамалық алғышарттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Диссертацияда жүйелілік, дәйектілік және объективтілік қағидаттарына негізделген теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық әдістерден теориялық талдау және синтез, контент-талдау, жүйелік талдау, құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы талдау пайдаланылды. Эмпирикалық әдістерден сараптамалық сұхбат пен SWOT-талдау (strengths and weaknesses – күшті және әлсіз тұстары, opportunities and threats – мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері) қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі **гипотезасы** келесі ғылыми сұрақтарға негізделеді:

1. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспары Жапонияда қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді және тұрақты дамудың әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық элементтерін сәтті үйлестірудің нәтижесі болып табылады;

2. Егер тиісті институционалдық негіз, инфрақұрылым және қоғамдық экологиялық сана қалыптасса, Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының негізгі қағидалары мен тетіктерін Қазақстан жағдайына бейімдеу мүмкін.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының құрылымы мен мазмұны алғаш рет кешенді ғылыми-теориялық талдау нысанына айналып, оның тұрақты даму жүйесіндегі институционалдық және әлеуметтік-саяси рөлі жан-жақты зерделенді;
- отандық ғылымда алғаш рет аталған жоспардың жүзеге асу тәжірибесіне жүйелі түрде талдау жүргізіліп, оның тарихи қалыптасу кезеңдері, теориялық негіздері, негізгі ұстанымдары мен іске асыру механизмдері анықталды;
- Жапония мен Қазақстандағы қалдықтарды басқару жүйесіне қатысты сараптамалық сұхбаттар негізінде бұл жүйелердің құқықтық реттелуі, институционалдық құрылымы және қоғамдық қатысу деңгейіндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды;
- SWOT-талдау әдісі арқылы Жапония мен Қазақстанның экологиялық саясаттары салыстырмалы түрде зерделеніп, күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері анықталды;
- зерттеу нәтижесінде Жапония тәжірибесін Қазақстан жағдайында бейімдеудің мүмкін бағыттарына қатысты ұсыныстар берілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін ұлттық және аймақтық деңгейде тұрақты даму мен қалдықтарды басқару саясатын әзірлеу мен жетілдіруде қолдануға болатындығымен анықталады. Жапонияның «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының тиімді әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және институционалдық тетіктері Қазақстанның бейінді органдары үшін бағдар бола алады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында шығыстану, экология, қалдықтарды басқару және тұрақты даму мамандарын даярлауда, халықтың экологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған әдістемелік және ағартушылық жұмыстарда қолдануға жарамды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Тұрақты даму, айналмалы экономика және қалдықтарды басқару – қазіргі экологиялық саясаттың ажырамас бөлігі. Бұл ұғымдардың өзара байланысы ресурстарды тиімді пайдалануды, қоршаған ортаға түсетін әсерді азайтуды және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуді көздейді. Оларды ғылыми тұрғыдан талдау экологиялық мәселелерді кешенді түсінуге және оларды шешудің тиімді жолдарын әзірлеуге негіз болды;

2. Жапониядағы тұрақты даму саясаты мен қалдықтарды басқару жүйесінің қалыптасуы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық факторлардың әсерімен жүріп, жүйелі институционалдық тәсілге негізделген.

Бұл жүйе тарихи тәжірибе, экологиялық дағдарыстар мен жаһандық күн тәртібіне жауап ретінде дамыды;

3. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспары – Жапонияның экологиялық трансформациясындағы маңызды кезеңде қалыптасқан тұрақты даму стратегиясының негізін құрайтын жүйелі құрылым. Бұл жоспар табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға, климаттың өзгеруіне бейімделуге және көміртекті бейтарапты экономикаға көшуге бағытталған стратегиялық мақсаттарды іске асырудың тиімді құралы ретінде бағаланады;

4. «Junkangata Shyakai» іргелі жоспары институционалдық реттеудің тиімді жүйесін қалыптастырып, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық өлшемдер бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Әлеуметтік тұрғыдан – қоғамның экологиялық санасын арттырып, азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық қатысуды нығайтты; экономикалық тұрғыдан – қалдықтарды қайталама ресурс ретінде пайдалану жаңа нарықтар мен жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасады; экологиялық тұрғыдан – қалдық көлемін қысқартып, парниктік газдар шығарындыларын азайтуға мүмкіндік берді; Ал оның болашақ даму перспективасы цифрландыру, инновациялық ынталандыру және халықаралық тәжірибе арқылы бейімдеу мүмкіндігінде жатыр;

5. Сараптамалық сұхбаттар негізінде Жапония мен Қазақстандағы қалдықтарды басқару жүйелерінің құқықтық реттелуі, институционалдық құрылымы және қоғамдық қатысу деңгейі бойынша негізгі ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Бұл аспектілерді салыстырмалы түрде зерделеу ұлттық контексттердегі ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан үшін бейімделуі мүмкін тиімді институттық және құқықтық тетіктерді айқындауға мүмкіндік берді;

6. SWOT-талдау нәтижелері бойынша Жапония мен Қазақстанның экологиялық саясатындағы күшті және әлсіз жақтары, даму мүмкіндіктері мен ықтимал қауіп-қатерлер айқындалды. Осы талдау негізінде Қазақстан жағдайында «Junkangata Shyakai» іргелі жоспарының жекелеген қағидаларын бейімдеуге бағытталған ұсыныстар ұсынылды. Олар заңнамалық реформалар, инфрақұрылымдық даму, экономикалық тиімді шешімдерді анықтау, экологиялық сана мен жауапкершілікті арттыру сияқты басым бағыттарды қамтиды.

Зерттеуді апробациялау. Диссертация Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қиыр Шығыс кафедрасында орындалды.

Докторанттың жарияланымдары: Зерттеу тақырыбы бойынша Scopus дерекқорына кіретін (Q1, Sustainability, процентиль – 88) шетелдік ғылыми журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық журналдарда 4 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың жинақтарында 3 мақала жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы нормативтік сілтемелерден, анықтамалардан, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан тұратын негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен және қосымшадан тұрады.